

**Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтердің нысанын, оларды ұсыну қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2019 жылғы 19 ақпандағы № 1 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 ақпанда № 18348 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген, Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларының 5-тармағына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтердің нысаны;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының:

1) "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтерді ұсыну ережелерін бекіту туралы" 2005 жылғы 22 қыркүйектегі № 425 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3873 болып тіркелген, 2005 жылғы 28 желтоқсандағы № 243-244 "Юридическая газета" газетінде жарияланған);

2) "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтерді ұсыну ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қыркүйектегі № 425 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 қыркүйектегі № 434 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4414 болып тіркелген, 2006 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, № 16, 124-құжат) бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Салық салу әдістемесі департаменті (Қ.Б. Жолмұхамбетов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасы

М. Сұлтанғазиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер  
комитеті Төрағасының  
2019 жылғы 19 ақпандағы  
№ 1 бұйрығына  
1-қосымша  
әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

## **Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтер**

Есепті кезең 20\_ жылғы "\_ " тоқсан / 20\_ жылғы "\_ " жартыжылдық

Индексі: 1-ММАММ

Кезеңділігі: тоқсандық / жартыжылдық

Ұсынатын тұлғалар шеңбері: жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша уәкілетті органдар және жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі - уәкілетті органдар); облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер органдары (бұдан әрі - мемлекеттік кірістер органдары)

Қайда ұсынылады:

уәкілетті органдар мемлекеттік кірістер органдарына;

мемлекеттік кірістер органдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне

Ұсыну мерзімі: уәкілетті органдар үшін тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 күніне дейін / мемлекеттік кірістер органдары үшін жарты жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 20 күнінен кешіктірмей

Нысан

(Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің немесе жергілікті атқарушы орган немесе аумақтық мемлекеттік кірістер органның атауы),

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ №\_\_

(мың теңге)

p/c №	Мүліктің атауы	өлшем бірлігі	есепті кезеңнің басына мүліктің қалдығы		есепті кезеңнің басынан бастап есепке алынды (бастапқы бағалау құны)		есепті кезең ішінде мүлік құнының өзгеруі				
							бастапқы мен бағалаудан (қайта бағалаудан) кейінгі құны арасындағы теріс айырма	бастапқы құны мен бағалаудан (қайта бағалаудан) кейінгі құны арасындағы оң айырма	сату бағасы мен сату басталғанға дейін белгіленген баға арасындағы теріс айырма	сату бағасы мен сату басталғанға дейін белгіленген баға арасындағы оң айырма	
											саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
1	1-бөлім. Сот актілерінің негізінде мемлекет кірісіне тәркіленген мүлік										
1.1											
1.2											
1.3											
	Жиыны:	x	x		x						
2	2-бөлім. Сот актілерінің негізінде мемлекет меншігіне айналдырылған заттай дәлелдер										
2.1											
2.2											
2.3											
	Жиыны:	x	x		x						
3	3-бөлім. Тарихи және мәдени ескерткіштерге жататын заттары бар қазыналар										
3.1											
3.2											
3.3											
	Жиыны:	x	x		x						







2.2							
2.3							
	x		x		x		x
3	3-бөлім. Тарихи және мәдени ескерткіштерге жататын заттары бар қазыналар						
3.1							
3.2							
3.3							
	x		x		x		x
4	4-бөлім. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ олардың отбасыларының мүшелеріне түскен және арнайы мемлекеттік қорға өтеусіз тапсыруға жататын сыйлықтар						
4.1							
4.2							
4.3							
	x		x		x		x
5	5-бөлім. Белгіленген тәртіппен республика меншігіне өтеусіз өткен мүлік, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тарту кедендік режимімен ресімделген тауарлар мен көлік құралдары						
5.1							
5.2							
5.3							
	x		x		x		x
6	6-бөлім. Белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған мүлік						
6.1							
6.2							
6.3							
	x		x		x		x
7	7-бөлім. Мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен, оның ішінде қайтыс болған адамнан мұрагерлікке қалған мүлік						
7.1							
7.2							
7.3							
	x		x		x		x
8	8-бөлім. Олжалар						
8.1							
8.2							
8.3							
	x		x		x		x
9	9-бөлім. Қараусыз жануарлар						
9.1							
9.2							
9.3							
	x		x		x		x

10	10-бөлім. Белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлік						
10.1							
10.2							
10.3							
	x		x		x		x
11	11-бөлім. Тарихи және мәдени ескерткіштерге жататын заттардан тұрмайтын қазына үлестері						
11.1							
11.2							
11.3							
	x		x		x		x
	x		x		x		x

Ескертпе:

28-баған = 4-баған + 6-баған – 12-баған – 14-баған – 16-баған – 22-баған

29-баған = 5-баған + 7-баған – 8-баған + 9-баған – 10-баған + 11-баған – 13-баған – 15-баған – 17-баған – 23-баған

Басшысы немесе оны алмастыратын тұлға \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, қолы)

Телефоны: \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

"Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтер" нысанына қосымша

## **"Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. 1-бағанда реттік нөмірлері көрсетіледі. Бұл ретте реттік нөмір мынадай қалыппен белгіленеді:

1) бірінші цифр бөлімдердің реттік нөмірлерін білдіреді;

2) екінші цифр аталған бөлімдегі жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік (бұдан әрі - Мүлік) атауының реттік нөмірін білдіреді.

2. 2-бағанда осы бұйрықпен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары және мерзімдеріне қосымшасында қарастырылған Мүліктің атауы көрсетіледі.

3. 3-бағанда 2-бағанда көрсетілген Мүліктің өлшем бірлігі көрсетіледі.



4. 4, 5-бағандарда есепті кезеңнің басына тізімдеме актілерін және түгендеу карточкаларын есепке алу кітаптарының деректеріне сәйкес уәкілетті органда есепте тұрған Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

5. 6, 7-бағандарда есепті кезең ішінде тізімдеме актілерін және түгендеу карточкаларын есепке алу кітаптарының деректеріне сәйкес уәкілетті органның есебіне тізімдеме, қабылдап алу-беру актілерінің негізінде берілген Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

6. 8-бағанда бастапқы құны мен бағалаудан (қайта бағалаудан) кейінгі құнның арасындағы теріс айырма көрсетіледі.

7. 9-бағанда бастапқы құны мен бағалаудан (қайта бағалаудан) кейінгі құнның арасындағы оң айырма көрсетіледі.

8. 10-бағанда сату бағасы мен сату басталғанға дейін белгіленген баға арасындағы теріс айырма көрсетіледі.

9. 11-бағанда сату бағасы мен сатуға дейін белгіленген баға арасындағы оң айырма көрсетіледі.

10. 12, 13-бағандарда есепті кезең ішінде уәкілетті органдар құратын комиссия жойған Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

11. 14, 15-бағандарда есепті кезең ішінде заңнамаға сәйкес өтеусіз негізде берілген Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

12. 16, 17-бағандарда есепті кезең ішінде заңнамаға сәйкес иелеріне қайтарылған Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

13. 18, 19-бағандарда есепті кезең ішінде аукциондарда сатуға берілген Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

14. 20, 21-бағандарда есепті кезең ішінде сауда ұйымдарында сатуға берілген Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

15. 22, 23-бағандарда есепті кезең ішінде аукциондар мен сауда ұйымдары арқылы сатылған Мүліктің жалпы саны мен құны көрсетіледі.

16. 24, 25-бағандарда есепті кезең ішінде аукциондар арқылы сатылған Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

17. 26, 27-бағандарда есепті кезең ішінде сауда ұйымдары арқылы сатылған Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

18. 28, 29-бағандарда есепті кезеңнің соңына тізімдеме актілерін және түгендеу карточкаларын есепке алу кітаптарының деректеріне сәйкес уәкілетті органда есепте тұрған Мүліктің саны мен құны көрсетіледі.

19. Көрсеткіштер болмаған кезде Мәліметтердің тиісті ұяшықтары толтырылмайды.

## **Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімдері**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті (бұдан әрі – Мүлік) есепке алу, сақтау, бағалау және бұдан әрі пайдалану бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті органдар мен жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – уәкілетті органдар) Мүлік туралы мәліметтерді (бұдан әрі – Мәлімет) ұсынудың тәртібін, мерзімдерін белгілейді.

### **2-тарау. Мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдері**

2. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелері Мәліметтерді өзінің орналасқан жері бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 күніне дейін ұсынады.

3. Мәліметтерді уәкілетті органдар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасайды және қағаз тасымалдағыштағы екі данасын қоса бере отырып, келу тәртібінде электрондық (магнитті) тасымалдағышта ұсынады, бір данасы уәкілетті органға аумақтық мемлекеттік кірістер органының белгісімен қайтарылады.

4. Мәліметке бірінші қол қою құқығына уәкілетті органның бірінші басшысы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны алмастыратын тұлға, екінші қол қою құқығына – Мәліметтің жасауын орындаған лауазымды тұлға (орындаушы) ие.

5. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер органдары Мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жартыжылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 20 күнінен кешіктірмей ұсынады.

6. Мүліктің атауын көрсетуге арналған нысан бойынша Мәліметтерді ұсынған кезде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес Мүлік атауының тізбесі пайдаланылады.

Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) мүлік

## Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік тізбесі

№	Мүліктің атауы
1	Тірі жануарлар (жылқылар, ірі қара мал, қойлар, құстар, жабайы жануарлар)
2	Ет және тамақ ет өнімдері
3	Балық және шаянтекестер, ұлулар және басқа су омыртқасыздары
4	Сүт өнімдері, құс жұмыртқасы, табиғи бал, жануарлардан алынған тамақ өнімдері
5	Жануарлардан алынатын өнімдер
6	Тірі ағаштар және басқа да өсімдіктер, пияздар, тамырлар және өсімдіктердің өзге де ұқсас бөліктері, кесіп алынған гүлдер және сәндік өсімдіктер
7	Көкөністер және кейбір жеуге жарайтын тамыр тұқымдары мен түйнек жемістер
8	Жеуге жарамды жемістер мен жаңғақтар, цитрустылардың немесе қауындардың қабықтары мен қыртыстары
9	Кофе, шай, мате және тәттілер
10	Дақылдар (бидай, арпа, күріш)
11	Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдері, мия; крахмал, инулин, бидай дәнінің маңызы
12	Майлы тұқымдар мен ұрықтар, өзге де тұқымдар, ұрықтар мен дән, дәрілік өсімдіктер мен техникалық мақсаттарға арналған өсімдіктер, сабан мен жем
13	Табиғи тазаланбаған малшайыр, шайырлар, камедтер және өзге де өсімдік шырындары мен сығындылары
14	Өрме бұйымдар дайындауға арналған өсімдік материалдары, басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген өсімдіктен алынған өзге де өнімдер
15	Жануарлардан және өсімдіктерден алынатын тоң майлар мен май және оларды ажырату өнімдері, дайын тамақтық тоң майлар; жануарлардан немесе өсімдіктерден алынатын балауыздар
16	Еттен, балықтардан немесе шаянтекестерден, ұлулардан және өзге де су омыртқасыздан жасалатын дайын өнімдер
17	Қант және қанттан жасалған кондитерлік өнімдер
18	Какао және одан жасалған өнімдер
19	Астық тұқымдастардың дәнінен, ұннан, крахмалдан немесе сүттен жасалған дайын өнімдер; кондитерлік ұн өнімдері
20	Көкөністердің, жемістердің, жаңғақтардың немесе өсімдіктердің басқа да бөліктерінен қайта өңделген өнімдер
21	Түрлі тағам өнімдері
22	Алкогольді және алкогольсіз сусындар мен сірке қышқылы (сыра, шарап, спирт, арақ)
23	Тамақ өнеркәсібінің қалдықтары мен тастандылары, малға арналған дайын жемшөп
24	Темекі мен өнеркәсіптік темекі алмастырғыштар (темекі, сигареталар)
25	Тұз, күкірт, топырақ және тас, сылақ материалдары, әк тастары мен цемент
26	Кендер, қож және күл
27	Минералдық отын, мұнай және олардан айырылып алынатын өнімдер, битуминоз заттары; минералды балауыздар (көмір, жанармай, дизель отыны)

28	Органикалық емес химия өнімдері, органикалық емес немесе органикалық қымбат бағалы металдардың, сирек жер металдарының, радиоактивтік элементтердің немесе изотоптардың қосылыстары
29	Органикалық химиялық қосылыстар
30	Фармацевтикалық өнім
31	Тыңайтқыштар
32	Илегіш және бояғыш экстракттар, таниндер және олардың туындылары, бояғыштар, пигменттер және басқа бояғыш заттар, бояулар мен лактар, тығыздағыштар мен мастикалар, баспаханалық бояу, сия, тушь
33	Эфирлік майлар және резиноидтер, парфюмерлік, косметикалық немесе туалеттік заттар
34	Сабын, беттік белсенді органикалық заттар, жуу заттары, майлау материалдары, жасанды не дайын балауыздар, тазалауға немесе жылтыратуға арналған құрамдар, балауыз шамдар және ұқсас бұйымдар, жапсыруға арналған пасталар, пластелин, "тіс дәрігерлік балауыз" және гипс негізіндегі тіс дәрігерлік құрамдар
35	Белоктық заттар, өзгертілген крахмалдар, желімдер, ферменттер
36	Жарылғыш заттар, пиротехникалық бұйымдар, сіріңкелер, пирофорлық қорытпалар, кейбір жанғыш заттар
37	Фото- және кинотауарлары
38	Өзге де химиялық өнімдер
39	Көксағыз, резеңке және олардан жасалған бұйымдар
40	Каучук, резеңке және олардан жасалған бұйымдар
41	Өңделмеген терілер (табиғи үлбірден басқа) және иленген былғары
42	Былғарыдан жасалған бұйымдар, қайыс-ер бұйымдары және әбзелдер; жол керек-жарақтары, әйел сөмкелері және ұқсас тауарлар
43	Табиғи және жасанды үлбір, одан жасалған бұйымдар
44	Сүрек және одан жасалған бұйымдар; сүрек көмірі (саты, шпалдар, кесілмелі материалдар)
45	Өруге арналған сабаннан, альфадан және өзге материалдардан жасалған бұйымдар, себеттік бұйымдар және өрілген бұйымдар
46	Сүректен немесе басқа да талшықты целлюлоздық материалдардан алынатын масса, жаңғыртылған қағаз немесе картон (макулатура және қалдықтар)
47	Қағаз және картон, қағаз массасынан, қағаздан немесе картоннан жасалған бұйымдар
48	Баспа кітаптары, газеттер, репродукциялар және полиграфия өнеркәсібінің басқа да бұйымдары, қолжазбалар, машинкамен басылған мәтіндер және жоспарлар
49	Жібек
50	Жүн, жануарлардың жіңішке немесе жуан қылдары, иірім жіп және жылқының жалынан жасалатын мата
51	Мақта
52	Өзге де өсімдіктен жасалған тоқыма талшықтары, қағаздан жасалған иірімжіп және қағаздан жасалған иірімжіптен тоқылған маталар
53	Химиялық жіптер
54	Химиялық талшықтар
55	Мақта, киіз немесе фетр және маталық емес материалдар, арнайы иірімжіп, жіңішке арқандар, қысқа жіптер, арқандар мен жуан арқандар және олардан жасалған бұйымдар
56	Кілемдер және еденге төселетін өзге де тоқыма бұйымдар

57	Арнайы маталар, тафтинктік тоқыма материалдары, шілтерлер, гобелендер, әрлеу материалдары, кестелер
58	Сіңірілген, жабындысы бар немесе қатырмаланған тоқыма материалдары, техникалық мақсаттағы тоқыма бұйымдары
59	Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж жаймалар
60	Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж киімдер және киімдердің керек-жарақтары
61	Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж киімдер және киімдердің керек-жарақтары
62	Өзге де дайын тоқыма бұйымдары, жиынтықтар, киім және бұрын пайдалануда болған тоқыма бұйымдары, ескі-құсқылар
63	Аяқ-киім, гетралар және ұқсас бұйымдар, олардың бөліктері
64	Бас киімдер және олардың бөліктері
65	Өңделген қауырсындар мен мамық және қауырсындардан немесе мамықтан жасалған бұйымдар, жасанды гүлдер, адамның шашынан жасалған бұйымдар
66	Тастан, гипстен, цементтен, асбесттен, слюдадан немесе ұқсас материалдардан жасалған бұйымдар
67	Керамикалық бұйымдар
68	Шыны және одан жасалған бұйымдар
69	Табиғи немесе қопсытылған інжу, қымбат бағалы немесе жартылай қымбат бағалы тастар, қымбат бағалы металдар, қымбат бағалы металдар, жалатылған металдар және олардан жасалған бұйымдар, бижутерия, тиындар
70	Қара металдар және олардан жасалған бұйымдар
71	Мыс және одан жасалған бұйымдар
72	Никель және одан жасалған бұйымдар
73	Алюминий және одан жасалған бұйымдар
74	Қорғасын және одан жасалған бұйымдар
75	Мырыш және одан жасалған бұйымдар
76	Қалайы және одан жасалған бұйымдар
77	Өзге де қымбат бағалы емес металдар, металл қышы, олардан жасалатын бұйымдар
78	Қымбат бағалы емес металдардан жасалған құрал-жабдықтар, керек-жарақтар, пышақ бұйымдары, қасықтар және шанышқылар, олардың қымбат бағалы емес металдардан жасалған бөліктері
79	Қымбат бағалы емес металдардан жасалған өзге де бұйымдар
80	Ядролық реакторлар, қазандар, жабдықтар мен механикалық құрылғылар, олардың бөліктері
81	Электр машинкалары мен жабдықтар, олардың бөліктері, дыбыс жазғыш және дыбыс шығарғыш аппараттар, телевизиялық бейнені мен дыбысты жазуға және шығаруға арналған аппараттар, олардың бөліктері мен керек-жарақтары (тұрмыстық техника)
82	Темір жол локомотивтері немесе трамвайдың моторлы вагондары, жылжымалы құрам және олардың бөліктері; жол жабдықтары мен темір жолдарға немесе трамвай жолдарына арналған құрылғылар және олардың бөліктері; барлық түрдегі механикалық (электромеханикалықты қоса алғанда) белгі беру жабдықтары
83	Теміржол немесе трамвай жылжымалы құрамынан басқа, жермен жүретін көлік құралдары және олардың бөліктері (тракторлар, жеңіл және жүк автомобильдері, мотоциклдар, велосипедтер)
84	Ұшу аппараттары, ғарыш аппараттары және олардың бөлшектері
85	Кемелер, қайықтар және жүзгіш конструкциялар
86	Оптикалық, фотографиялық, кинематографиялық, өлшеу, бақылау, дәл өлшеу, медициналық немесе хирургиялық құрал-жабдықтар мен аппараттар, олардың бөліктері мен керек-жарақтары
87	Барлық түрдегі сағаттар және олардың бөліктері

88	Музыкалық аспаптар; олардың бөлшектері мен керек-жарақтары
89	Қару-жарақтар мен оқ-дәрілер, олардың бөліктері
90	Жиһаз, төсек керек-жарақтары, матрацтар, матрацтық негіздер, диван жастықтары және ұқсас жиһаздық керек-жарақтар, басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген шамдар мен жарықтандыру жабдықтары, жарықтық мандайша жазулар, аты немесе атауы немесе мекен-жайы көрсетілген жарықтық табличкалар және ұқсас бұйымдар, жиналмалы құрылыс конструкциялары
91	Ойыншықтар, ойындар және спорт мүкәммалы, олардың бөліктері
92	Әр түрлі дайын бұйымдар, өзге де тауарлар мен мүліктер
93	Өнер туындылары, коллекциялау заттары мен антиквариат
94	Жылжымайтын мүлік
95	Ұлттық валюта
96	Шетелдік валюта
97	Бағалы қағаздар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК